

**Қазақстанның  
қазіргі  
кездегі діни  
жағдайы**

# Жоспар

•  
•

1.Қазақстандағы діндер.

2.Қазақстандағы дәстүрлі емес  
діндер.

3.Қазақстандағы террорлық  
оқиғалар.

# Қазақстандағы діндер

Қазақстандағы дінге сенушілердің ішінде сүнниттік ислам (70%) сандары басым.

Қазақ, өзбек, татар, түрік, ұйғыр, күрд, төжік, баш күрт, қырғыз, чешен, ингуш, дүнгендердің басым көпшілігі мұсылман-сүнниттер.

Қалған бөлігінде христиандар, индуистер т.б

# Ислам діні

«Ислам» сөзі «бейбітшілік», (Аллаһтың заңдарына) «мойынсыну, бағыну» болып табылады. Ал шарифат терминологиясында «ислам» — толық мойынсыну, Аллаһтың алдында парыздарын орындау, одан басқа құдайларға табынбау болып есептеледі.

Орталық Азия мен Қазақстанға исламның енуі VII-VIII ғасырларға жатқызылады. Алғашқы араб-дін таратушылары 670 жылдардан бастап келе бастады. VIII ғ. басында Орталық Азияда миссионерлік қозғалыстың жандануы байқалады.

XII-XIV ғасырда ислам діні толығымен кірді десекте болады. Қазіргі кезде Аллаға шүкір халқымыздың басым бөлігі дәстүрлі ислам дінін ұстанады.

Мемлекетімізде жастар ісі бөлімінің жанынан құрылған Қазақстан Мұсылмандар Діни Басқармасы бар. Бас мүфти Ержан Қажы Малқажыұлы. Әр мешіт осы басқарманың бақылауында. Және зекет қорымен қаматамасыз етіліп отыр. Жамағат та бақылауда. Қазақстанда ислам діні сүнниттік бағытта тараған. ҚМДБ бекіткен Ханафи мазһабы бойынша тарайды. Басқа мазһабтарға да рұқсат етілген. Тек дәстүрлі емес және мазһабсыз дәндер келеңсіз жағдай тудыруда. Ондай ұйымдар Қазақстанға 1991 жылдан бері ене бастады.

# Христиан

Христиан діні (грек тілінен аударғанда Christos – «мәсіхтелген», «мәсіх») Палестина жерінде екі мың жыл бұрын пайда болған монотеистік дін.

Православие діні – Қазақстанда дінге сенушілерінің саны бойынша исламнан кейінгі екінші діни бағыт.

Православие діні елімізде Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуы кезіндегі әскери қоныстарда пайда болды.

Оңтүстік аймақтарда алғашқы әскери діни қауымдар (кішкентай шіркеулер, сиыну үйлері) 1866 жылы Түркістан мен Шымкентте пайда болған.

1871 жылы Түркістан Епархиясы құрылған болатын. 1872 жылы Верный және Жетісу епархиялары тарапынан құрылған кафедраға қазақстандық архиерейлердің алғашқысы – архиепископ Сафония (Сокольский) сайланып, ол осы қызметін 1877 жылға дейін атқарды.

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде шіркеулер салу ХІХ ғасырдың 80-ші жылдары басталды. Осылайша, 1901 жылдың өзінде Сырдария облысында күйдірілген кірпіштен қаланған сегіз шіркеу болған.

Қазіргі таңда Қазақстанда православ шіркеуінің 329 діни субъектісі және 295 православиелік діни ғимараттары қызмет етеді. Сонымен

# Қазақстандағы дәстүрлі емес



«Салафизм» ұстанушыларын «салафи-мадхали», «салафи-суррури», «салафи-жиһади», «такфир» деп өзара бірнеше топтарға жіктеуге болады. «Салаф» (алдын болу) сөзінің жай мағынасында бірінің орнына бірі келетін кез-келген уақытта қолданылады. «Бұрынғы, ілгеріде» сөздерімен пара-пар.

«Жиһад» идеологиясын ашық қолданмайды. Заңды мемлекеттің басқаруына қарсы шығу жолын ұстанбайды. Зайырлы мемлекет заңдылықтарын, Құран мен сүннетке қарсы келмейді. Сондықтан, мемлекет заңдарымен жүруге дұрыс болды деп есептейді. Мадхалидтік жамағат ислам рухани құндылықтарын бір жақты түсінеді. Жергілікті ұлттар мен ұлыстардың әдет-ғұрпы, дәстүрлерін мұсылманның тұтынуы тұрғысындағы еркін шектейді. Исламның әуелгідей бір елде ғана емес, бірнеше құрлықтарға таралып тарихи-әлеуметтік шегі мен мәні артқанын ескере бермейді. Сондықтан, исламда әуел баста болмаған бірқатар жергілікті дәстүрлі құндылықтарды және басқа да ағымдарды мойындамайды.

